

**Мәслихаттың 2017 жылғы 21 желтоқсандағы № 141 "Қамысты ауданы Свердлов ауылдық округінің 2018-2020 жылдарға арналған бюджеті туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Мерзімі біткен

Қостанай облысы Қамысты ауданы мәслихатының 2018 жылғы 27 сәуірдегі № 164 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 18 мамырда № 7774 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес және "Қостанай облысы Қамысты ауданының Свердлов ауылдық округін Қамысты ауылдық округі деп қайта атау туралы" бірлескен Қостанай облыстық мәслихатының 2018 жылғы 2 наурыздағы № 244 шешімінің және Қостанай облысы әкімдігінің 2018 жылғы 2 наурыздағы № 4 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7628 болып тіркелген, 2018 жылғы 6 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) негізінде Қамысты аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мәслихаттың 2017 жылғы 21 желтоқсандағы № 141 "Қамысты ауданы Свердлов ауылдық округінің 2018-2020 жылдарға арналған бюджеті туралы" шешіміне ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7449 болып тіркелген, 2018 жылғы 9 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің тақырыбында және бүкіл мәтін бойынша "Свердлов" сөзі тиісінше "Қамысты" сөзіне ауыстырылсын;

көрсетілген шешімнің 1, 2 және 3-қосымшаларындағы тақырыптарында "Свердлов" сөзі тиісінше "Қамысты" сөзіне ауыстырылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Қамысты аудандық мәслихатының хатшысы*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қамысты ауданы

Қамысты ауылдық

округінің әкімі

\_\_\_\_\_ Д. Россман

2018 жылғы 27 сәуір

*М. Алиев*

*С. Кстаубаева*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК